


ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАҒЫ БІР НЕМЕСЕ БІРНЕШЕ ДҰРЫС ЖАУАБЫ БАР ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАНУЫ


I Тест тапсырмасында бір дұрыс жауап

Егер тест тапсырмасында бір ғана дұрыс жауап болса және тестіленуші сол жауапты таңдаса, екі балл қойылады (Сурет 1)



Сурет 1

Егер тест тапсырмасында бір ғана дұрыс жауап болса және тестіленуші сол жауапты таңдаса, сонымен қатар бір қате жауапты бояп қойса, бір балл қойылады (Сурет 2).




Сурет 2

Өзге жағдайларда – нөл балл қойылады.


II Тест тапсырмасында екі дұрыс жауап

Егер тест тапсырмасында екі дұрыс жауап болса және тестіленуші сол екі жауапты дұрыс таңдаса, екі балл қойылады (Сурет 3).




Сурет 3

Егер тест тапсырмасында екі дұрыс жауап болса және тестіленуші тек бір жауапты таңдаса, бір балл қойылады (Сурет 4).



Сурет 4

Егер екі дұрыс жауаптың ішінде тестіленуші бір жауапты дұрыс және бір жауапты қате бояса, бір балл қойылады (Сурет 5).




Сурет 5

Егер тестіленуші екі дұрыс жауаптың ішінен екі жауапты дұрыс бояса және бір қате жауапты бояса, бір балл қойылады (Сурет 6).



Сурет 6

Егер тестіленуші екі дұрыс жауаптың ішінен бір жауапты дұрыс бояса және екі қате жауапты бояса, нөл балл қойылады (Сурет 7).



Сурет 7

Өзге жағдайларда – нөл балл қойылады.

III Тест тапсырмасында үш дұрыс жауап


Егер тест тапсырмасында үш дұрыс жауап болса және тестіленуші сол үш жауапты дұрыс таңдаса, екі балл қойылады. Тестіленуші жауап парағында жоғарыда көрсетілген әріптерді бояды. (Сурет 8).



Сурет 8


Сәйкесінше оқушы осы тапсырманы орындағаны үшін екі балл алады.

Егер тестіленуші үш дұрыс жауаптың ішінен екі ғана жауапты дұрыс бояса, бір балл қойылады (Сурет 9).



Сурет 9

Егер тестіленуші үш дұрыс жауаптың ішінен бір ғана жауапты дұрыс бояса, нөл балл қойылады (Сурет 10).



Сурет 10

Егер тестіленуші үш дұрыс жауаптың ішінен екі жауапты дұрыс бояса және бір қате жауапты бояса, бір балл қойылады (Сурет 11).




Сурет 11

Егер тестіленуші үш дұрыс жауаптың ішінен үш жауапты дұрыс бояса және бір қате жауапты бояса, бір балл қойылады (Сурет 12).



Сурет 12

Егер тестіленуші үш дұрыс жауаптың ішінен үш жауапты дұрыс бояса және екі қате жауапты бояса, нөл балл қойылады (Сурет 13).



Сурет 13

Өзге жағдайларда – нөл балл қойылады.